

Кәсіптік аурудың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысын анықтау сараптамасының қағидалары

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-301/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 желтоқсанда № 21862 болып тіркелді.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 9-бабының 3) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Преамбула жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 14.08.2025 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған кәсіптік аурудың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысын анықтау сараптамасының қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

А. Цой

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

Кәсіптік аурудың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысын анықтау сараптамасының қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік аурудың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысын анықтау сараптамасының осы қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 9-бабының 3) тармақшасына сәйкес әзірленді және кәсіптік аурудың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысын анықтауға сараптама жүргізу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.04.2025 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) еңбек жағдайларының санитариялық-эпидемиологиялық сипаттамасы – аурудың зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларымен байланысын анықтау үшін жұмыскердің кәсіптік бағдарын ескере отырып, еңбек жағдайларының санитариялық-эпидемиологиялық сипаттамасы жасау жөніндегі комиссия жұмысының алынған нәтижелері негізінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері ресімдейтін құжат;

2) жіті кәсіптік ауру – зиянды кәсіптік факторлардың бір рет (бір ауысымнан аспайтын уақыт ішінде) әсерінен кейін пайда болған ауру;

3) зиянды еңбек жағдайлары – зиянды өндірістік факторлардың болуымен сипатталатын еңбек жағдайлары;

4) зиянды өндірістік фактор – жұмыскерге әсер етуі ауруға немесе еңбекке қабілеттілігінің төмендеуіне және (немесе) ұрпақтарының денсаулығына кері ықпал етуге әкеп соғуы мүмкін өндірістік фактор;

5) кәсіптік ауру – жұмыскердің өз еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауына байланысты оған зиянды өндірістік факторлардың әсер етуінен туындаған жіті немесе созылмалы ауру;

6) кәсіптік аурудың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысын анықтау сараптамасы – аурудың клиникалық көріністері, медициналық зерттеп-қарау нәтижелері арасындағы себеп-салдарлық байланыстардың болуын не болмауын, пациенттің кәсіптік бағдарын және еңбек жағдайларының санитариялық-эпидемиологиялық сипаттамасының деректерін талдау негізінде

өндірістік факторларды айқындайтын денсаулық сақтау саласындағы сараптаманың түрі.

7) кәсіптік бағдар – адамның хронологиялық тәртіппен алған кәсіптерінің тізбесі;

8) созылмалы кәсіптік ауру – зиянды өндірістік факторлардың көп рет және ұзақ уақыт әсер етуінен кейін пайда болған ауру;

3. Кәсіптік аурудың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысын анықтау сараптамасы осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес кәсіптік аурулар тізбесіне сәйкес жүргізіледі.

4. Кәсіптік аурудың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысын анықтау сараптамасы:

зиянды өндірістік факторлардың әсері мен аурудың дамуы арасындағы себеп-салдарлық қатынастардың болуына күдік туындаған кезде жүргізілетін бастапқы;

зардап шеккен жұмыскер емдеу-оңалту іс-шараларынан өткеннен кейін және (немесе) мемлекеттік медициналық-әлеуметтік сараптама органдарында қайта куәландыру алдында жүргізілетін қайталама болып бөлінеді.

5. Кәсіптік аурудың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысын анықтау сараптамасы еңбек шарты бойынша жұмысты орындайтын жұмыскерлерге қатысты жүргізіледі.

6. Кәсіптік аурудың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысын анықтау сараптамасын Кодекстің 220-бабының 4 тармағына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымының құрамындағы кәсіптік патология және сараптама саласында мамандандырылған медициналық көмек көрсететін мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары (бұдан әрі-кәсіптік денсаулық клиникасы) жүргізеді.

2-тарау. Кәсіптік аурудың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысын анықтауға сараптама жүргізу тәртібі

7. Кәсіптік аурулар (жіті, созылмалы) осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген адамдарға жұмыскердің өзінің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауына байланысты кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен уақытша немесе тұрақты айырылуға әкеп соқтырған зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсер етуіне негізделген.

8. Жіті кәсіптік ауру диагнозын немесе созылмалы кәсіптік аурудың алдын ала диагнозын меншік нысанына қарамастан Қазақстан Республикасында тұратын кәсіпорындардың немесе ұйымдардың жұмыскерлеріне медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымдар (бұдан әрі – медициналық ұйымдар), созылмалы кәсіптік ауру диагнозын денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымының құрамындағы кәсіптік патология және сараптама саласындағы мамандандырылған медициналық көмек көрсететін мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары (бұдан әрі – кәсіптік денсаулық клиникасы) белгілейі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.03.2022 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Медициналық ұйымдар жұмыскердің денсаулық жағдайының клиникалық деректерінің, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24082 болып тіркелген) (бұдан әрі – ҚР ДСМ-84 бұйрығы) бекітілген инфекциялық және паразитарлық ауру ошағын эпидемиологиялық тексеріп-қарау картасының және (немесе) "Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру материалдарын ресімдеу бойынша нысандарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1055 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12655 болып тіркелген) бекітілген еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиға туралы актінің негізінде жіті кәсіптік аурудың түпкілікті диагнозын қояды және "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ -175/2020 бұйрығы) бекітілген нысан бойынша хабарлама жасайды.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.03.2022 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Жұмыскердің жіті кәсіптік ауруы салдарынан еңбекке қабілеттілігінен тұрақты айырылу белгілеріне еңбек медицинасы дәрігері (кәсіптік патология) (бұдан әрі – кәсіптік патолог-дәрігер) консультация береді.

11. Созылмалы кәсіптік ауруы туралы алдын ала диагнозы бар, сондай-ақ үш айдан астам жіті кәсіптік ауру салдарынан организм функцияларының тұрақты бұзылуы сақталған жағдайда азаматтар осы Қағидалардың 15-тармағына сәйкес құжаттарды ұсына отырып, денсаулық сақтау субъектілерінің кәсіптік аурудың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысын анықтауды сараптауы үшін кәсіптік денсаулық клиникасына жіберіледі.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.03.2022 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Созылмалы кәсіптік аурудың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысын анықтауға және жіті кәсіптік аурудың салдарын сараптама жүргізу үшін

кәсіптік денсаулық клиникасында аурулардың бейіні бойынша тұрақты жұмыс істейтін кәсіптік патологиялық сараптама комиссиясы (бұдан әрі – КПСК) кәсіптік денсаулық клиникасы басшысының бекітуімен құрылады.

13. КПСК төрағасы аурулардың бейіні бойынша маман болып табылатын, біліктілік санаты (ғылыми және (немесе) академиялық дәрежесі) бар кәсіптік патолог-дәрігер болады.

КПСК мүшелерінің жалпы саны кемінде 3 адамды құрайды. Комиссия мүшелері "Еңбек медицинасы (кәсіптік патология)" мамандығы бар дәрігерлер болып табылады. Қажет болған жағдайда сараптама жүргізу үшін ауру бейіні бойынша дәрігерлер (комиссия мүшелері болып табылмайтын) тартылады.

14. КПСК кәсіптік аурудың жұмыскердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауымен байланысын анықтауға бастапқы сараптаманы жүргізеді және функционалдық бұзушылықтарды анықтайды, функционалдық бұзушылықтардың дәрежесін айқындай отырып, аурудың өршуі немесе регрессиясы жағдайларында қайта сараптаманы жүргізеді.

15. Пациенттің тіркелген жері бойынша кәсіпорынға қызмет көрсететін медициналық ұйымдар, меншік нысанына қарамастан кәсіптік патология кабинеттері пациенттерді кәсіптік аурудың жұмыскердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауымен байланысын анықтауды сараптауға мынадай құжаттармен кәсіптік денсаулық клиникасына жібереді:

1) ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша медициналық ұйымның жолдамасы;

2) ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы;

3) ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша міндетті (алдын ала және мерзімдік) медициналық қарап-тексерулердің деректері, зертханалық және функционалдық зерттеулердің нәтижелері бар амбулаториялық пациенттің (амбулаториялық, стационарлық) медициналық карталарынан үзінді көшірме;

4) ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша амбулаториялық пациенттің медициналық картасының түпнұсқасы;

5) еңбек жағдайларының санитариялық-эпидемиологиялық сипаттамасы;

6) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің (бұдан әрі – Еңбек кодексі) 190-бабына сәйкес еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін нысан бойынша еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиға туралы актіні (бұдан әрі – Акт) (болған кезде) 11 тармақта көрсетілген пациент ұсынады;

7) Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттар.

15-1. Еңбек жағдайларының санитариялық-эпидемиологиялық сипаттамасын (бұдан әрі – СЭС) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы

мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесі (бұдан әрі – аумақтық бөлімше) жұмыскердің кәсіптік бағытын ескере отырып, жұмыс беруші ұсынатын құжаттар мен материалдардың және ҚР ДСМ-84 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша санитариялық-эпидемиологиялық мониторингтің, бақылау мен қадағалаудың қолда бар нәтижелерінің негізінде ресімдейді.

Ұйымның басшысы (жұмыс беруші) жұмыскердің кәсіптік бағытына сәйкес № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша кәсіптік ауруға және (немесе) улануға алдын ала диагноз туралы хабарлама алғаннан кейін немесе аумақтық бөлімшені хабардар еткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде осы кәсіпорындағы жұмыскердің еңбек жағдайларының санитариялық-эпидемиологиялық сипаттамасын жасау үшін ақпарат жинау және дайындау жөніндегі комиссияны (бұдан әрі – Комиссия) қалыптастырады. Комиссияның құрамына жұмыс берушінің өкілдері, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметінің маманы (немесе жұмыс беруші еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша жауапты етіп тағайындаған адам), кәсіпорынның медицина қызметкері, кәсіпорынға қызмет көрсететін медициналық ұйымның маманы, кәсіподақ өкілі, зардап шеккен жұмыскер және (немесе) не даулы жағдайларда немесе Комиссия шешімі бойынша жұмыскердің ауруының бейіні бойынша мамандар болып табылатын біліктілік санаты (ғылыми және (немесе) академиялық дәрежесі) бар кәсіптік патолог-дәрігерлерді немесе жұмыс берушінің есебінен санитария, гигиена және эпидемиология, қоғамдық денсаулық сақтау, кәсіптік патология саласында ғылыми және (немесе) академиялық дәрежесі бар ғылыми қызмет ұйымдарының мамандарын тарта отырып жұмыскердің өкілі, сондай-ақ аумақтық бөлімшенің маманы кіреді.

Комиссия он жұмыс күні ішінде осы кәсіпорындағы барлық кәсіптік бағыт үшін жұмыскердің жұмыс орнындағы (учаскесіндегі, цехындағы) (не оған ұқсас жұмыс орындарындағы) еңбек жағдайларын сипаттайтын қажетті құжаттар мен материалдарды, оның ішінде мұрағаттық деректерді:

- 1) өндірістік бақылау материалдарын;
- 2) өндірістік объектіні еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау материалдарын;
- 3) аумақтық бөлімшелер мен еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерін тексерудің материалдары мен нәтижелерін;
- 4) жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру, арнайы тергеп-тексеру материалдарын;
- 5) жүргізілген медициналық қарап-тексерулер туралы мәліметтерді, амбулаториялық карталарды;
- 6) мерзімдік медициналық қарап-тексеру барысында анықталған науқастарды сауықтыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын;
- 7) нұсқамаларды тіркеу журналдарынан және еңбекті қорғау жөніндегі жұмыскердің білімін тексеру хаттамаларынан үзінді көшірмелерді;

8) қызметкерге жеке қорғаныш құралдарының берілгенін растайтын құжаттардың көшірмелерін;

9) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын регламенттейтін нұсқаулықтардан, ережелерден, бұйрықтардан және басқа да актілерден үзінді көшірмелерді, өндірістегі саламатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету үшін лауазымды адамдардың міндеттері мен жауаптылығын және басқаларды;

10) зардап шеккен адамның денсаулығының зақымдану сипаты мен ауырлығы туралы медициналық қорытындыны;

11) аллергиялық сипаттағы кәсіптік ауруға күдіктену кезінде жұмыс берушінің мөрімен куәландырылған (егер бар болса) заттың атауы, орау күні көрсетілген мөрленген қаптамада жұмыскердің еңбек қызметі жүзеге асырылған химиялық заттар мен қосылыстарды жинауды жүргізеді.

Жұмыскердің еңбек жағдайларын сипаттайтын деректер болмаған не толық болмаған кезде жұмыс беруші өндірістік бақылау деректерін ескере отырып, жұмыскердің жұмыс орнындағы немесе оған ұқсас жұмыс орындарындағы еңбек жағдайларын бағалау мақсатында жұмыскердің жұмыс орнының химиялық және физикалық факторларына (жұмыс ерекшелігіне байланысты) өз қаражаты есебінен қажетті зертханалық-аспаптық және гигиеналық-физиологиялық зерттеулер жүргізеді.

Жұмыс беруші Комиссия жинаған қажетті құжаттар мен материалдарды 3 (үш) жұмыс күн ішінде аумақтық бөлімшеге жазбаша немесе электрондық нысанда ұсынады, ол ұсынылған ақпарат және өзінде бар мәліметтер (оның ішінде осындай және (немесе) оған ұқсас өндірістер не учаскелер (цехтар) жұмыскерлерінің кәсіптік аурулары жағдайларын тергеп-тексеру актілері, санитариялық-эпидемиологиялық мониторингтің, бақылау мен қадағалаудың мұрағаттық нәтижелері) негізінде 10 (он) жұмыс күні ішінде СЭС жасайды және оны № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша кәсіптік ауруға және (немесе) улануға күдік туралы хабарлама ұсынған медициналық ұйымға және жұмыс берушіге жібереді, үшінші данасы аумақтық бөлімшеде қалдырылады.

СЭС жасау үшін ақпарат жеткіліксіз ұсынылған жағдайда аумақтық бөлімше 3 (үш) жұмыс күні ішінде жұмыс берушіні мерзімдері көрсетілген жазбаша немесе электрондық нысанда қосымша ақпарат беру қажеттілігі туралы хабардар етеді, оны жұмыс беруші жазбаша немесе электрондық ақпараттандыруды алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні мерзімінде ұсынады.

Егер кәсіптік аурудың және (немесе) уланудың туындауы әртүрлі аумақтық бөлімшелердің бақылауындағы объектілердегі жұмысқа байланысты болса, онда кәсіптік ауруға күдікті адамның соңғы жұмыс орны бойынша аумақтық бөлімше ресми сұрау салулар бойынша тиісті аумақтық бөлімшелерден және басқа да ұйымдардан (

жұмыс берушілерден) алынған материалдар негізінде СЭС жасайды. Сұрау салуды алған ұйымдар 10 (он) жұмыс күні мерзімінде СЭС жасау үшін талап етілген құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

Ескерту. 2-тарау 15-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.03.2022 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 14.08.2025 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

16. Кодекстің 7-бабының 78) тармақшасына сәйкес клиникалық хаттамаларға сәйкес кәсіптік денсаулық клиникасы зертханалық және функционалдық зерттеулер жүргізеді.

17. КПСК кәсіптік аурудың жұмыскердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауымен байланысын анықтауға бастапқы сараптаманы осы Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген құжаттар мен 16-тармағында көрсетілген зерттеу нәтижелері бар болғанда жүргізеді.

18. КПСК мыналарды қарайды:

1) кәсіптік бағдар:

Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес пациенттің еңбек қызметін растайтын құжаттар;

2) жұмыс өтілі:

зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларындағы үзіліссіз жұмыс өтілі кемінде сегіз жыл;

осы Қағидалардың 19-тармағында көрсетілген аурудан басқа, кәсіптік аурудың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысын анықтау сараптамасы егер зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істеу кезінде осы Қағидалардың 19-тармағында көрсетілген аурудан басқа аурудың қалыптасуының басталуы анықталмаса, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс үш жылдан астам уақыт тоқтатылғаннан кейін жүргізілмейді;

3) еңбек жағдайларының санитариялық-эпидемиологиялық сипаттамасы:

еңбек жағдайларының санитариялық-эпидемиологиялық сипаттамасына еңбек кітапшасына және жұмыскердің барлық жұмыс жылдарындағы өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша міндетті мерзімдік аттестаттау деректеріне сәйкес барлық кәсіптік бағдар бойынша жұмыскер еңбегінің барлық зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлары (еңбек процесінің ауырлығы, физикалық, химиялық, биологиялық факторлар) көрсетіледі;

еңбек жағдайларының санитариялық-эпидемиологиялық сипаттамасында жұмыс процесінің деректері болмаған немесе толық болмаған жағдайда кәсіптік денсаулық клиникасының басшысы аумақтық бөлімшелерге еңбек жағдайларының санитариялық-эпидемиологиялық сипаттамасына толықтыруға сұрау береді (жазбаша немесе электрондық нысанда);

егер өндірістік ортаны зерттеу жүргізілмесе, бұл кәсіптік ауру диагнозын қоюға кедергі болмайды, себебі бұл ретте ғылыми әдебиеттің (олар болған және өзекті болған жағдайда), модельдеудің, сондай-ақ ұқсас өндірістік жағдайларды экстраполяциялаудың деректері ескеріледі;

4) Еңбек кодексінің 190 бабына сәйкес еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін нысан бойынша еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиға туралы актіні (болған кезде) 11 тармақта көрсетілген пациент ұсынады;

5) пациент ауруының анамнезі;

КПСК ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша медициналық құжаттарды (міндетті алдын ала және мерзімдік медициналық қарап-тексерулердің деректері бар медициналық ұйымнан амбулаториялық пациенттің медициналық карталарының түпнұсқаларын, электрондық денсаулық паспортының деректерін) талдайды:

КПСК аурудың әрбір бейіні бойынша жұмысшының медициналық көмекке жүгінуін, оның ішінде пациенттің шағымдарын, аурудың даму тарихын, клиникалық деректерді және медициналық тексерулердің нәтижелерін талдайды:

медициналық құжаттама бойынша жеткілікті мәліметтер болмаған жағдайда, КПСК кәсіптік аурудың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысын сараптау үшін қажетті қосымша құжаттарды сұратады;

6) клиникалық деректер және зерттеп-қарау нәтижелерінің деректері;

КПСК клиникалық және параклиникалық зерттеу әдістерінің өзгерістер кешенін ескереді, негізгі диагнозды, асқынуларды және ағзаның органдары мен жүйелерінің функционалдық өзгерістерінің дәрежесін көрсете отырып, түпкілікті клиникалық диагнозды белгілейді.

Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 14.08.2025 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. КПСК мыналарды ескереді:

1) егер аурудың себептері көп факторлы болса және олардың арасында кәсіптік фактор болса, онда ауру кәсіптік болып саналады;

2) кейбір кәсіптік аурулар: силикоз, бериллиоз, қуық папилломасы, қатерлі ісіктер зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлармен байланыстағы жұмыс тоқтатылғаннан кейін ұзақ уақыттан соң дамиды;

3) аллергиялық, инфекциялық сипаттағы созылмалы кәсіптік ауруды анықталған кезде қолданыстағы сенсбилизациялайтын заттармен немесе биологиялық фактормен байланыс, клиникалық көріністердің ерекшеліктері маңызды. Жұмыс өтілі ескерілмейді

20. Сараптама жүргізу нәтижелері бойынша КПСК мынадай қорытынды шығарады:

1) ауру кәсіптік факторлардың әсерімен байланысты (кәсіптік, бастапқы ауру);

- 2) ауру кәсіптік факторлардың әсерімен байланысты емес;
- 3) бір жылдан кейін кәсіптік денсаулық клиникасына қайта жіберу ұсынымдарымен кәсіптік ауру бойынша бақылау тобы;
- 4) қосымша мәліметтер (қандай екені көрсетіледі), қосымша тексеру және (немесе) мамандардың КПСК-ның қайта отырысымен өткізілетін консультациясы талап етіледі;
- 5) кәсіптік ауру өршиді немесе регрессияланады (кәсіптік ауру, қайталама).

21. КПСК процестің хронизациясы туралы мәселені шешеді және клиникалық көріністердің дәрежесі мен айқындығын көрсете отырып, жіті кәсіптік аурудың салдарын айқындайды.

22. КПСК сараптама нәтижесінде материалдарды қайта қарау нысанын (өзінің қатысуымен, сырттай) айқындайды.

23. КПСК қорытындысы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес ресімделеді.

КПСК қорытындысы қағаз және электрондық тасығыштарда ресімделеді және "Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 263 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2017 жылғы 18 қарашада № 15997 болып тіркелген) (бұдан әрі—№ 263 бұйрық) сәйкес кәсіптік денсаулық клиникасында науқастың медициналық құжаттамасында тұрақты сақталады.

КПСК қорытындысы Кодекстің 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша медициналық құжаттамаға (стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірмеге, амбулаториялық пациенттің медициналық картасынан үзінді көшірмеге) енгізіледі.

24. КПСК-ның кәсіптік аурудың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысы сараптамасын айқындауы қиын болған жағдайда немесе жұмыскердің, жұмыс берушінің, сақтандыру компаниясының КПСК-ның қорытындысымен келіспеуіне байланысты Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 76-бабына сәйкес өтінішті қарау мерзіміне сай пациенттің медициналық құжаттарын кәсіптік денсаулық клиникасы Республикалық кәсіптік-патологиялық шиеленіс сараптау комиссиясына (бұдан әрі - РКПШСК) қарауға жібереді.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.04.2025 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. РКПШСК тәртібі мен құрамын оның базасында РКПШСК құрылатын денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымының басшысы бекітеді.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 11.03.2022 № ҚР ДСМ-23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. РКПШСК Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 76-бабына сәйкес мерзімде құжаттарды қарайды. Қажет болған жағдайда аурулардың бейіні бойынша дәрігерлерді отырысқа шақырады, ұйымдардан сараптама жасау үшін қажетті құжаттарды сұратады.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.04.2025 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. РКПШСК мынадай құжаттарды қарайды:

- 1) өтініштер;
- 2) КПСК қорытындысы;
- 3) осы Қағидалардың 16 тармағында көрсетілген зерттеу нәтижелері мен 15 тармағында көрсетілген пациенттің құжаттары;
- 4) КПСК сұрау салуы бойынша алынған немесе пациент ұсынған қосымша құжаттар (егер ондайлар бар болса).

28. Қосымша деректер алу қажет болған жағдайда РКПШСК осы Қағидалардың 15-тармағының 3-6-тармақшаларында көрсетілген кәсіптік аурудың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысына сараптама жүргізу үшін пациенттің тіркелген жері бойынша қызмет көрсететін кәсіпорынның медициналық ұйымдарынан, кәсіптік патология кабинеттерінен, аумақтық бөлімшелерден, жұмыс берушіден жазбаша немесе электрондық нысанда ақпарат сұратады. РКПШСК сұрау салуын алғаннан кейін медициналық ұйым, жұмыс беруші, аумақтық бөлімше ақпаратты 10 күнтізбелік күн ішінде РКПШСК-на жібереді.

Ақпарат электрондық түрде "электрондық үкімет", "Е-өтініш" порталдары арқылы не халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында қолданыстағы мамандандырылған ақпараттық жүйелер арқылы (бар болса) жіберіледі. Егер хабарлама мерзімі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндеріне түсетін болса, онда хабарлама мерзімі келесі жұмыс күніне дейін ұзартылады.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 14.08.2025 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Сұратылған құжаттарды алған кезде кәсіптік аурудың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысын сараптау үшін өзінің қатысуымен немесе сырттай нысаны бойынша шешім қабылдай отырып, РКПШСК-ның отырысы қайта өткізіледі:

- 1) ауру кәсіптік факторлардың әсерімен байланысты (кәсіптік, бастапқы ауру);
- 2) ауру кәсіптік факторлардың әсеріне байланысты емес;
- 3) созылмалы кәсіптік ауруды (улануды) алып тастау.

30. РКПШСК-ның қорытындысы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес ресімделеді.

31. РКПШСК-ның қорытындысы қағаз тасығышта үш данада ресімделеді, оның:

1) бір данасы өтініш берушіге немесе оның заңды өкіліне (жұмысшыға, жұмыс берушіге, сақтандыру компаниясына) беріледі;

2) екінші данасы медициналық ақпараттық жүйеге енгізіледі;

3) үшінші данасы № 263 бұйрыққа сәйкес кәсіптік денсаулық клиникасында науқастың медициналық құжаттамасында тұрақты сақталады.

32. Созылмалы кәсіптік ауру алғаш рет анықталған кезде кәсіптік денсаулық клиникасы осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кәсіптік ауру туралы хабарлама ресімдейді және 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша немесе электрондық нысанда жұмыскердің кәсіптік маршрутына сәйкес жұмыс берушілерге, СЭС берген аумақтық бөлімшеге және кәсіптік ауруға (алдын ала диагноз) күдікті анықтаған медициналық ұйымға жібереді.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 14.08.2025 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Кәсіптік аурудың еңбек
(қызметтік) міндеттерін
орындаумен байланысын
анықтау сараптамасының
қағидаларына
1-қосымша

Кәсіптік аурулар тізбесі

№	Зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсерінен пайда болған аурулардың тізбесі	АХЖ-10 бойынша ауру коды	Зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік фактордың атауы	АХЖ-10 бойынша сыртқы себеп коды	Жүргізілетін жұмыстардың, өндірістердің үлгілік тізбесі
1	2	3	4	5	6
1. Өндірістік химиялық факторлардың әсерінен пайда болған аурулар (жіті улану, олардың салдары, созылмалы улану)					
1.	Этанолмен жіті улану	T51.0	Этанол	Y96	
2.	Спиртпен жіті улану (этанолды қоспағанда)	T51.1 T51.8	Басқа спирттер	Y96	
Мұнай өнімдерінің әсерінен пайда болған аурулар					
3.	Мұнай өнімдерімен жіті улану	T52.0	Мұнай өнімдері, оның ішінде бензин, керосин	Y96	
4.	Мұнай өнімдерімен	T52.0		Y96	

	созылмалы улану		Мұнай өнімдері, оның ішінде бензин, керосин	
Бензолдың әсерінен пайда болған аурулар				
5.	Бензолмен жіті улану	T52.1	Бензол	Y96
6.	Бензолмен созылмалы улану	T52.1	Бензол	Y96
Бензол гомологтарының әсерінен пайда болған аурулар				
7.	Бензол гомологтарымен жіті улану	T52.2	Бензол гомологтары	Y96
8.	Бензол гомологтарымен созылмалы улану	T52.2	Бензол гомологтары	Y96
9.	Гликольдармен жіті улану	T52.3	Гликольдар	Y96
10.	Кетондармен жіті улану	T52.4	Кетондар	Y96
Төрт дәрежелі хлорлы көміртегінің әсерінен пайда болған аурулар				
11.	Төрт дәрежелі хлорлы көміртегімен жіті улану	T53.0	Төрт дәрежелі хлорлы көміртегі	Y96
12.	Төрт дәрежелі хлорлы көміртегімен созылмалы улану	T53.0	Төрт дәрежелі хлорлы көміртегі	Y96
Хлороформның әсерінен пайда болған аурулар				
13.	Хлороформмен жіті улану	T53.1	Хлороформ	Y96
14.	Хлороформмен созылмалы улану	T53.1	Хлороформ	Y96
Трихлорэтиленнің әсеріне байланысты аурулар				
15.	Трихлорэтиленмен жіті улану	T53.2	Трихлорэтилен	Y96
16.	Трихлорэтиленмен созылмалы улану	T53.2	Трихлорэтилен	Y96
Тетрахлорэтиленнің әсеріне байланысты аурулар				
17.	Тетрахлорэтиленмен жіті улану	T53.3	Тетрахлорэтилен	Y96

18.	Тетрахлорэтиленмен созылмалы улану	T53.3	Тетрахлорэтилен	Y96
Дихлорметанның әсерінен пайда болған аурулар				
19.	Дихлорметанмен жіті улану	T53.4	Дихлорметан	Y96
20.	Дихлорметанмен созылмалы улану	T53.4	Дихлорметан	Y96
Хлорфторкөміртектердің әсерінен пайда болған аурулар				
21.	Хлорфторкөміртектерімен жіті улану	T53.5	Хлорфторкөміртектер	Y96
22.	Хлорфторкөміртектерімен созылмалы улану	T53.5	Хлорфторкөміртектер	Y96
Алифатты көмірсутектердің галоген туындыларының әсерінен пайда болған аурулар				
23.	Алифатты көмірсутектердің галоген туындыларымен жіті улану	T53.6	Алифатты көмірсутектердің галоген туындылары, оның ішінде хлорметан, винилхлорид#, фторметан, хлорпрен, ди- и трихлорэтан, трифторэтилен, перхлорэтилен, дифторэтан және т.б.	Y96
24.	Алифатты көмірсутектердің галоген туындыларымен созылмалы улану	T53.6	Алифатты көмірсутектердің галоген туындылары, оның ішінде хлорметан, фторметан, хлорпрен, ди- и трихлорэтан, трифторэтилен, перхлорэтилен, дифторэтан және т.б.	Y96
25.	Винилхлоридпен созылмалы улану	T53.6	Винилхлорид	Y96
26.	Пара-трет-бутил фенолмен	T54.0		Y96

	созылмалы улану		Пара-трет-бутил фенол	
Тітіркендіргіш заттың (ирритант) әсерінен пайда болған аурулар				
27.	Ирританттармен жіті улану	T65.8	Тітіркендіргіш әсері бар химиялық заттар (ирританттар)	Y96
28.	Ирританттармен созылмалы улану	T65.8	Тітіркендіргіш әсері бар химиялық заттар (ирританттар)	Y96
Күйдіргіш қышқылдар мен қышқыл тәрізді заттардың әсерінен пайда болған аурулар				
29.	Күйдіргіш қышқылдар мен қышқыл тәрізді заттармен жіті улану	T54.2	Күйдіргіш қышқылдар мен қышқыл тәрізді заттар (күкірт, тұз, азот және б а с қ а қышқылдар және т. б.)	Y96
30.	Күйдіргіш қышқылдар мен қышқыл тәрізді заттармен созылмалы улану	T54.2	Күйдіргіш қышқылдар мен қышқыл тәрізді заттар (күкірт, тұз, азот және б а с қ а қышқылдар және т. б.)	Y96
Күйдіргіш сілтілер мен сілтілік заттардың әсерінен пайда болған аурулар				
31.	Күйдіргіш сілтілер мен сілтілік заттармен жіті улану	T54.3	Күйдіргіш сілтілер мен сілтілік заттар	Y96
32.	Күйдіргіш сілтілер мен сілтілік заттармен созылмалы улану	T54.3	Күйдіргіш сілтілер мен сілтілік заттар	Y96
Қорғасын мен оның қосылыстарының әсерінен пайда болған аурулар				
33.	Қорғасынмен және оның қосылыстарымен созылмалы улану	T56.0	Қорғасын және о н ы ң қосылыстары	Y96
34.	Тетраэтил қорғасынмен жіті улану (көріністері:	T56.0		Y96

	вегетативті бұзылыс)		Тетраэтил қорғасыны	
Сынап пен оның қосылыстарының әсерінен пайда болған аурулар				
35.	Сынаппен және о н ы ң қосылыстарыме н жіті улану	T56.1	Сынап және о н ы ң қосылыстары	Y96
36.	Сынаппен және о н ы ң қосылыстарыме н созылмалы улану	T56.1	Сынап және о н ы ң қосылыстары	Y96
Хром мен оның қосылыстарының әсерінен пайда болған аурулар				
37.	Хром мен оның қосылыстарыме н жіті улану	T56.2	Хром және оның қосылыстары	Y96
38.	Хром мен оның қосылыстарыме н созылмалы улану	T56.2	Хром және оның қосылыстары	Y96
Кадмий мен оның қосылыстарының әсерінен пайда болған аурулар				
39.	Кадмиймен және оның қосылыстарыме н жіті улану	T56.3	Кадмий және о н ы ң қосылыстары	Y96
40.	Кадмиймен және оның қосылыстарыме н созылмалы улану	T56.3	Кадмий және о н ы ң қосылыстары	Y96
Мыстың және оның қосылыстарының әсерінен пайда болған аурулар				
41.	Мыс пен оның қосылыстарыме н жіті улану	T56.4	Мыс және оның қосылыстары	Y96
42.	Мыс пен оның қосылыстарыме н созылмалы улану	T56.4	М ы с купоростын қоспағанда, мыс және оның қосылыстары	Y96
43.	М ы с купоросымен созылмалы улану		Мыс купоросы	
Мырыш пен оның қосылыстарының әсерінен пайда болған аурулар				
44.	М ы р ы ш аэрозолімен жіті улану	T56.5	Мырыш және о н ы ң қосылыстары	Y96
	Хлоридпен, м ы р ы ш			

45.	сульфидімен созылмалы улану		Хлорид, сульфидом цинка		Өнеркәсіптің, құрылыстың, ауыл шаруашылығын ың, көліктің, қы з м е т көрсетудің, әртүрлі салаларында улы әсері бар химиялық заттарды қолдану ((зертханалық жұмыстарды қосып есептегенде), қайта өңдеу, алу процестерімен байланысты жұмыстың
Қалайы мен оның қосылыстарының әсерінен пайда болған аурулар					
46.	Металл қалайы аэрозолімен жіті улану	T56.6	Қалайы және о н ы ң қосылыстары	Y96	
47.	Қалайы мен о н ы ң қосылыстарыме н созылмалы улану	T56.6	Қалайы және о н ы ң қосылыстары	Y96	
Бериллий мен оның қосылыстарының әсерінен пайда болған аурулар					
48.	Бериллийдің ер и т і н қосылыстарыме н жіті улану	T56.7	Бериллий және о н ы ң қосылыстары	Y96	
49.	Бериллийдің ер и т і н қосылыстарыме н созылмалы улану	T56.7	Бериллий және о н ы ң қосылыстары	Y96	
50.	Бериллийдің ерімейтін қосылыстарыме н жіті улану	T56.7	Бериллий және о н ы ң қосылыстары	Y96	
Таллий мен оның қосылыстарының әсерінен пайда болған аурулар					
51.	Таллиймен және о н ы ң қосылыстарыме н жіті улану	T56.8	Таллий және о н ы ң қосылыстары	Y96	
52.	Таллиймен және о н ы ң қосылыстарыме н созылмалы улану	T56.8	Таллий және о н ы ң қосылыстары	Y96	
53.	Ванадиймен және оның қосылыстарыме н жіті улану	T56.8	Ванадий және о н ы ң қосылыстары	Y96	
Никель мен оның қосылыстарының әсерінен пайда болған аурулар					
54.	Никель мен о н ы ң қосылыстарыме н жіті улану	T56.8	Никель және о н ы ң қосылыстары	Y96	
55.	Никель мен о н ы ң қосылыстарыме н созылмалы улану	T56.8	Никель және о н ы ң қосылыстары	Y96	

